

**Кімге:** ҚР Оқу-ағарту министрлігі

**Орындаған:** Қуантханов Нұрбек Қуантханұлы. «Семей қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы

**Күні:** 08.11.2024

### Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Мектептерде өлкетану сабағын енгізу.

Кілт сөздер: Археология, мәдениет, тарих, ұрпақ, болашақ.

Қазақстан Республикасындағы мәдениет саласындағы маңызды бағыт тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау мәселесі болып табылады. Оған ерекше назар аударылады. Ескерткіштер – төл мәдениетіміздің құндылығы, дәстүрлерімізді арттырудың және сақтау арқылы өсіп жатқан ұрпақпен байланысы. Ескерткіштер, мәдени мұраның негізін қалап, өте маңызды әлеуметтік жүйелерді орындайды. Ұлт тарихы-өлке тарихынан бастау алады, сондықтан өлке тарихын оқытудың маңызы зор.

Біріншіден, бүкіл адамзаттық құндылықты, әлемдік құндылықтар мен ұлттық құндылықтар құрайтын болса, өлке тарихы сол құндылықтардың бастау бұлағы. Әрбір адам өз өлкесінің тарихи тамырларын отандық және әлемдік тарихпен байланыстыра алғанда ғана тарихтың күре тамырының соңғысына баға бере алады. Өз өлкесінің тарихын қастерлей білген азамат, өзге елдің тарихын құрметтей алады.

Екіншіден, өлке тарихын оқу арқылы ғылыми-зерттеу жұмысына икемделіп, шығармашылық қабілетін шыңдайды. Өлкеміздегі бұл күнде аңызға айналып кеткен тарихи оқиғалардың шындығын аңыздан аршып алады. Сонымен қатар, ғылым дамуының негізін қалап, патриотизм сезімін қалыптастырады, ойлы-тәрбиелі және эстетикалық тәрбиенің негізін салады. Қазақ халқы, әлем өркениеті қазынасына енген, мәдени байлықтың иегері. Қазақстанның мәдени мұрасы, оның аймағында өмір сүрген бар халықтардың құндылығының – 25 мыңнан астам археологиялық, сәулеттің, монументалды өнері мен тарихи өз үлесін қосқан жылжымас мүліктерін жинаған.

Қазақстан мемлекеттік егемендігін алғаннан соң алғашқы қабылдаған заңдарының бірі «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы» (1992 жыл шілде) және «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік және қылмысты жауапкершілікті күшейту туралы» (1993 қазан) Заңы болды.

Өлкетану материалдарын оқыту және тәрбие үрдісінде қолдану мәселесіне XVII ғасырда Я.А.Коменский, XVIII-XIX ғасырларда Ж.Ж.Руссо, Г.Песталоцци, А.Дистервег және өзге педагогтар көңіл аударған. XVIII ғасырдың екінші жартысында оқытуда өлке тарихымен байланыстырудың маңыздылығына ғалым М.В.Ломоносов та көңіл бөле бастады. XIX ғасырдағы ғылыми және педагогикалық әдебиеттерде «Отантану», «Елтану» терминдері қолданыла бастады. Ал «Өлкетану» термині XX ғасырдың басында пайда болды да, осы ғасырдың 20-30-жылдары кеңінен тарай бастады. Педагогикалық әдебиеттер тұңғыш рет тарихшы-әдіскер В.Я. Уланованың «Төменгі сыныпта тарихты оқыту» еңбегінде және мұғалім И.Н. Манькованың 1914 жылы мұғалімдер съезіндегі сөйлеген сөзінде кездеседі. Өлкетану мәселесін мектепте оқыту әдістемесін дамытқан ғалымдар А.А.Вагин, Н.П.Кузин, Н.П.Милонов, А.Ф.Родин және басқалар болып табылады. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің болашағы мектеп қабырғасында тәрбиеленіп, ауқымды жан-жақты білім нәрімен сусындаған жас ұрпақтың тәжірибесіне байланысты. Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға, жеке тұлғаны тәрбиелеуге баса назар аударылуда. Негізгі өзгерістердің бірі-сол аймақтың, туған өлкенің тарихи деректерін Қазақстан тарихы сабағында пайдалана оқыту. Өйткені, оқушы өзінің туып-өскен жерін, оның тарихын, ата-бабасын жақсы білмесе, өз өлкесіне деген сүйіспеншілігі дұрыс қалыптаспайды. 5- сыныптан бастап оқушы өлке деректерін қызығушылықпен тыңдайды. Бабаларымыздың бұл өңірге қашан қоныстанғанынан бастап, олардың бүгінгі ұрпақтарына дейінгі тарихы, өзен-көл, тау, жер, су аттарының қалай қойылғандығы туралы қызықты деректер оқушы білімін толықтыра түседі. Тіпті тарих пәніне деген сүйіспеншілігі артады. Тарихи тақырыпқа сай келетін өлке деректерін мектептегі мұражаймен байланыстырып жүргізу өте тиімді.

Ұлт тарихы-өлке тарихынан бастау алады, сондықтан өлке тарихын оқытудың маңызы зор. Семей қаласының тарихы жайында В.Н.Кошляктың «Семипалатинск, Три века истории» және «Храмы Семипалатинска: прошлое и настоящее» еңбектері аса құнды болып

табылады. Автор «Семипалатинск, Три века истории» еңбегінде Семей қаласының үш ғасырлық тарихына тоқталса, ал «Храмы Семипалатинска: прошлое и настоящее» еңбегінде қаламыздағы шіркеулер мен храмдардың тарихын ашып көрсетеді.

И.Котлердің «Очерки по истории евреев Одессы» еңбегі негізінен Одесса қаласындағы еврейлерге арналса да, XIX ғасырдың екінші жартысында Семейге қоныстана бастаған еврей халқының діни нанымдары жайында да біршама құнды мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның аймақтық тарихымен шұғылданып жүрген ғалымдар: М.Ғ.Ескендіров, С.Н.Мамытова, Г.М.Ахметова, Г.Т.Мусабалина. М.Ғ.Ескендіровтың «Восток Казахстана: на стыке столетий (вторая половина XIX начало XXI вв.)» еңбегі революцияға дейінгі және кеңестік дәуір мен қазіргі кезеңдегі Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихын салыстырмалы түрде кешенді зерттеуге арналған. С.Н.Мамытова, Г.М. Ахметованың еңбектерінде тұңғыш рет Шығыс Қазақстандағы сауда- өнеркәсіптік топтардың қалыптасуы және олардың экономикалық іс-әрекеті мәселелері қаралған. Г.М. Қарасаев Шығыс Қазақстанды зерттеген орыс ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерін жинақтап, тұңғыш рет мемлекеттік тілде жариялады. Г.Т. Мусабалина революцияға дейінгі Шығыс Қазақстанның саяси тарихын зерттеп, аймақтың саяси дамуының қалыптасуының жаңа тұжырымдамасын ұсынды.

Аймақ тарихын мектепте оқыту мәселесіне келетін болсақ, көптеген авторлар тарихты мектепте оқытудың көптеген әдістерін көрсету мақсатында біршама еңбектер жазған. Солардың ішінде аса маңызды еңбектер тоқталып өтсек, мәселен, Тұрсын Х. «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» оқу құралында тарихты оқыту әдістемесінің теориялық негіздері жан-жақты қамтылған. Т.Тұрлығұлдың «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» оқу-әдістемелік құралында оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері және оларды жүзеге асыру жолдары қарастырылады. Тарихты білу – өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихин білуге ұмтылмайды. Мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін әдет-ғұрпын құрметтемейді, сыйлай да алмайды. Осындай жағдай болмау үшін оқушыларды туған өлкенін тарихын зерттеуге қызықтыру,

белсене қатыстыру қажет. Мектепте өлкетану жұмыстарын жүргізу, жиналған материалдарды тарих сабақтарында пайдалану өте маңызды.

Семей еліміздің тарихи-мәдени орталығы болғандықтан, бұнда да мәдени мұралар жүйеленуде. Семей қаласы бекініс ретінде салынғаннан бергі тарихына көз жүгіртсек, қаламыз көптеген тарихы сәулет ескерткіштерімен толықтырылған. Қаламызда бой көтерген әрбір тарихи ескерткіштің өзінің жеке бір тарихы, тарихи маңызы мен ерекшелігі бар. Қазіргі таңда Семей қаласындағы тарихи сәулет ескерткіштері мемлекет тарапынан өз қамқорлығына алынған. Осы тармаққа сәйкес Семейдегі тарихи ескерткіштерге тоқталайық. Семей бекінісі салынған уақытта бой көтерген қаламыздың алғашқы тарихи сәулет ескерткіші Жәміш қақпасы болып табылады.

1718 жылы I Петрдің жарлығымен Семейден 18 шақырым жерде Семипалатный қамалының негізі қаланған. Ертіс суының көктемде тұрақты түрде тасуының салдарынан 60 жылдың ішінде қамалдың орны үш рет ауыстырылған. 1776 жылы қамал қайтадан биіктеу жерге салынған, сол арада қазір де Семей қаласы тұр.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы №156 «Республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» бұйрығы мен Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 58 «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» қаулысына сәйкес қалада 68 тарих және мәдениет ескерткіштері тіркелген. Оның ішінде: 37-сі сәулет және қала құрылысы, 17-сі монументалды өнер, 14 тарих және археологиялық ескерткіштер. Олардың 10 – республикалық, 58 – жергілікті маңызы бар ескерткіштер болып табылады. 10 тарих және мәдениет ескерткіші жеке меншіктің, 58 тарих және мәдениет ескерткіштері мемлекеттік мекемелердің теңгерімінде. Дәл қазіргі уақытта Семей қаласындағы сәулет және қала құрылысы ескерткіштері тізіміне енгізілген 37 ғимаратты сақтау және қайта қалпына келтіру бағытында біршама жұмыстар атқарылып отыр.

Жақында «Прииртышье» өлкетану қоғамының өкілдерімен бірлесіп Найманбаев пен Бауыржан Момышұлы көшелерінің қиылысында «Тарихи қиылыстың құрылысы» жобасы іске асырылып, қала тұрғындары мен қонақтарын қызықтыратын жаңа демалыс орнына айналды. Жобаның мақсаты тарихи ғимараттар мен сәулет

ескерткіштерін қалпына келтіру, нысандардың тарихи құндылығын сақтау болып табылады.

Бұл қиылыс Семей қаласының орталығында орналасқан. Найманбаев-Момышұлы көшелерінің қиылысы тарихи деп аталуы кездейсоқ емес: осы көшелердің бұрыштарында әртүрлі дәуірлерге тиесілі ғимараттар (патша және кеңес кезеңдері (20 ғасырдың басы) және қазіргі заман) орналасқан. Алдағы уақытта QR кодтары бар тақтайшалар орнатылып, оларды сканерлеу кезінде тарихи анықтама ашылады. Онда тарихи үйдің салынған мерзімі және үй туралы анықтама беріледі. Сондай-ақ, ғимараттардың аумағына олардың тарихына сәйкес шағын архитектуралық формалар орнатылды.

Туған жеріміздің, туған еліміздің тарихын өскелең ұрпаққа қалдыру аса маңызды мәселе. Ата-бабаларымыздан қалған тарихты дәріптеу үшін, сол мұраның өткенін білуді және оны қорғап, қастерлеуді жастардың бойына сіңіру қажет. Ол үшін тарихымызды насихаттауды әр адам өзінің келешек ұрпағына жастайынан баулу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балтабай Е. Отансүйгіштік тәрбие өлшемдері. Қазақстан мектебі. 2002 – №12
2. Ескенди́ров М.Г. Восток Казахстана: на стыке столетий (вторая половина XIX начало XXI вв.). Семипалатинск, Семипалатинский государственный педагогический институт, 2005
3. Жаңа білім беру жүйесі. Wikipedia <http://kk.wikipedia.org/wiki/>
4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы №156 «Республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» бұйрығы.
5. Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 58 «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» қаулысы
6. ММ-нің жұмыс материалдары